

БЕКІТЕМІН:

«Зайсан технология колледж»КММ

директоры

Е.Т. Сейлханов

« _____ » _____ 20 _____

Қызметтік нұсқау.

Тәрбиеші.

Жалпы ережелер.

Тәрбиешіні жұмысқа лицей директоры қабылдайды және босатады.

Тәрбиеші жоғары немесе арнаулы орта педагогикалық білімі болуы міндетті.

Тәрбиеші өз қызметінде директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына тікелей бағынады.

Қызметтік іс әрекеті

Тәрбиеленушілердің білім стандартына сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру, білім дәрежесін дамыту бағытында жұмыс істейді.

Тәрбиеленушілердің тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбиелік деңгейін көтеруге қалыптастыруға тәрбие жоспары бойынша жұмыс істейді.

Тәрбиеленушілер өмірін қорғау, еңбек және техникалық қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау, кәсіби маман тәрбиелеу бағытында жұмыс істейді.

Қызметтік міндеті:

Тәрбиеші мына міндеттерді орындайды:

Тәрбиеленушілердің әлеуметтік және еңбек адаптациясын оларға әлеуметтік психологиялық реабилитация жағдайын жасауды қамтамасыз ететін жұмыстар жүргізу.

Тәрбиеленушілердің күн режимін және үй тапсырмаларын орындауын, сабаққа қатысуын қадағалау, оқуға көмек көрсету, тамақтану режимін қадағалау.

Бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру, үйірмелерге, спорттық секцияларға қатыстыру. Дарынды оқушыларды дамыту.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұлттық дәстүрге, рухқа, әлемдік мәдениетке, адамгершілікке, кәсіби құзырлыққа негізделген тәрбие іс шараларын жүргізу.

Ұл және қыз балалардың ерекшелігіне байланысты салауатты өмір салтын сақтау және қалыптастыру, гигиеналық, жыныстық тәрбие жұмыстарын жүргізу.

Тәрбиеленушілердің ата-анасымен, қоғамдық ұйымдармен, әлеуметтік әріптестікпен байланысты тәрбие жұмыстарын жүргізу.

Бекітілген мүліктердің сақталуына, оқулықтардың сақталуына есеп жүргізу, қадағалау.

Тәрбиеленушілердің күнделікті психологиялық ахуалын, киім киісімен жүріс-тұрысын, денсаулығын бақылау, жеке тұлғалармен жұмыс жасау, қиын балаларды ерекше назарға алу, қамқорлық жасау.

Тәрбиеленушілердің техникалық қауіпсіздік нұсқаулармен танысуын, журналға қол қоюын қадағалау, қажет жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.

Оқытудың және тәрбиеленудің тиімді түрлерін, әдістерімен құралдарын жасайды.

Әдістемелік шеберлігін жетілдіреді, ашық тәрбие сағаттарымен шаралар өткізеді, ашық сабақтарға қатысады, талдайды.

Тәрбиеленушілердің отбасымен танысу, аз қамтылған отбасы, қиын отбасы, қиын оқушылардың мәселелерін талдау, қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысу,

Білім көтеру курстарынан өтеді, санатын көтереді.

Жарты жыл және жылдық бағаны сараптайды, есеп береді.

Жатақхана бөлмелерінде, залдарда, санитарлық-гигиеналық талаптар сақталуын, безендірілуді, ішкі-сыртқы көгалдандыру, аббаттандыруды жүргізеді.

Асхана, жатақхана, монша кезекшіліктеріне жауап береді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы «Еңбек туралы» Заңын, «Білім туралы» Заңын, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес», «Баланың құқықтары туралы» заңын, педагогика және психология негіздерін, білім министрлігі, облыстық білім

басқармасы құжаттарымен шешімдерін, лицей жарғысы, ішкі тәртіп ережесін және осы қызметтік нұсқауды.

Құқығы.

Тәрбиешінің мынандай құқығы бар:

Тәрбиеленушілерден оқу үрдісіне байланысты берілген тапсырмалардың орындалуын талап етуге.

Оқу үрдісіне зиян келтіретін әрекеттері үшін тәрбиеленушілерге тәртіптік жаза қолдануды талап етуге.

Оқу үрдісіне қатысты ақпараттар алуға.

Жатақхана бөлмелерінде санитар-гигиеналық талаптардың орындалуын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері нұсқауларының орындалуын талап етуге.

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруды талап етуге.

Жауапкершілігі:

Осы нұсқауда белгіленген қызметтік міндеттерін орындамағаны, оның ішінде берілген құқығын пайдаланбағаны үшін, себепсіз жарғыны, ішкі еңбек тәртібін, әкімшіліктің заңды жарғыларын орындамағаны үшін тәрбиеші еңбек заңдылықтарына сай тәртіптік жауапкершілікке тартылады, жұмыстан босатылады.

Оқу тәрбие үрдісінде қызметтік міндетін атқару кезінде зиянын тигізсе, өртке қарсы қауіпсіздік ережесін, еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік, санитарлық гигиеналық талаптарын сақтамағаны, орындамағаны үшін тәрбиеші еңбек және азаматтық заңмен белгіленген тәртіп бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Тәрбиеленушілерге физикалық және психикалық үстемдік жүргізгені үшін, басқада аморальді ісі үшін тәрбиеші жұмыстан босатылады.

Бекітілген жатақхана бөлмелеріндегі құрал-жабдықтармен мүліктердің сақталуына жауапты, бүлінгенін өндірту шараларын жүзеге асырады.

Өзара қарым-қатынас қызметіне байланысты.

Директордың бекітуі бойынша нормаланбаған 40 сағаттық апталық жұмыс атқарады.

Әр оқу жылына, жарты-жылдыққа, айлық, апталық жұмыс жоспарларын жасайды, тәрбие сағаттары мен шаралардың жоспарларын жасайды, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға тексертеді, директорға бекіттіреді.

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтаумен жақсартуда лицей дәрігерімен қарым-қатынаста болу.

Тәрбиеленушілердің білім сапасы мен кәсіби құзырлығын дамыту да жалпы пән, арнаулы пән мұғалімдері мен өндірістік шеберлер, кітапханашы, психологпен қарым-қатынаста болу.

Әкімшілікпен, педагогикалық ұжыммен, әлеуметтік серіктестікпен, қоғамдық ұйымдармен, ата-аналармен тығыз байланыс жасайды, пікір алмасып отырады.

Директордың, әдіскердің, тәрбие ісі орынбасарының жаңашыл жұмыс үлгілерін ұйымдастыру әдістемелерін қолхат беру арқылы алып, танысады, орындалуын ұйымдастырады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы сұрақтарын тәрбие ісі орынбасары, топ жетекшілерімен бірлесіп шешеді.

Нұсқаумен таныстым:

Тәрбиеші:



Г.А.Байжуманова